

Ясауи университеті

a.yassau@mail.ru

университет студенттерінің үні

№18 (463) 15 желтоқсан 2018 жыл

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ

БІЛІМГЕРЛЕР ЖҮЛДЕМЕН ОРАЛДЫ

Оқу ордамыздың «Қаржы» мамандығының 2-курс студенті Руслан Төлеген «Мен жастарға сенемін» атты студент жастардың VI республикалық патриоттық форумында «Мәңгілік ел мұратым!» патриоттық әндер байқауында I орынға ие болды. Аталмыш байқауда «Ақерлік өнер» мамандығының 2-курс студенті Іңкәр Еркенбаева «Талғампаз өңші» номинациясымен марапатталды.

2 бетте

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Университетіміздің жас ғалымдары «Ғылым саласындағы сыйлықтар мен мемлекеттік ғылыми стипендиялар» конкурсында жеңімпаз атанып, шәкіртақыға ие болды!

Ғалымдарымызды шын жүректен құттықтай отырып, оларға шығармашылық табыс тілейміз!

ҰЛЫ ДОСТЫҚТЫ ҰЛЫҚТАҒАН КЕШ

Өскелең ұрпаққа артында қалған мол мұраларды насихаттау мақсатында Ш.Айтматовтың «Миғұла терісі үстіндегі сот» атты театрлық қойылым ұсынылды. Қ.Мұхамеджановтың «Көктөбе басындағы кездесу» көркем шығармасынан үзінді оқылды.

2 бетте

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛАҒАТЫН ҰЛЫҚТАУ

Елбасымыз Н.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы рухани өміріміздің осы құндылықтарын айғақтайтын жаңа белесі. Осы уақытқа дейінгі мемлекетіміздің жасап келген стратегиялық жоспарларының уақыт пен кеңістік аясында қайта бағалануы. Жаһандану заманы тек озық технологиялармен ғана емес, сол технологияларды жасайтын жасампаз рухпен өлшенетінін дәлелдеуде.

3 бетте

АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ - ҚУАТТЫ МЕМЛЕКЕТ НЕГІЗІ

Іс-шараға 1000-нан аса мемлекеттік және халықаралық ұйымдар, ҚР Парламентінің депутаттары, қоғам қайраткерлері, үкіметтік емес ұйымдары, бизнес қауымдастығы, қоғамдық кеңес пен БАҚ өкілдері қатысты. Сессиялар мемлекеттік органдарды жаңғырту, медиа және ашықтық, экология және қоршаған ортаны қорғау, әлеуметтік кәсіпкерлік және инновация, белсенді азаматтық қоғамды қалыптастырудағы ЖОО мен мектептердің рөлі және басқа да өзекті мәселелерді талқылауға арналады.

5 бетте



Біздің жастарымыз ғылым мен білімге ұмтылып, елдің болашағын ойлайтын болса, келешегіміз кемел, тәуелсіздігіміз баянды болады.

Н.Ә.Назарбаев, Қазақстан Республикасының Президенті

ТӘУЕЛСІЗДІК - ЕЛ БАҚЫТЫ, БАБАЛАР АРМАНЫ!

Университетімізде 16-желтоқсан Тәуелсіздік мерекесіне орай «Елімнің бақытын тербеткен Тәуелсіздік» атты салтанатты жиын өтті. Шара алдында республикалық, халықаралық байқауларда жеңімпаз атанған студенттерді ректор арнайы құттықтап, марапаттады.

Мерекелік басқосуға студенттер мен оқытушы-профессорлар қатысты. Университет президенті Болатбек

Абдрасилов пен I вице-президент Женгиз Томар құттықтау сөз сөйлеп, тәуелсіздік туралы тебіреністі ойларын ортаға салды. Ынтымақты ұран, татулықты ту еткен бейбіт еліміздің егемендік алғаннан кейінгі жылдары табыстарға жетуі – еліміздегі саяси тұрақтылық пен бекем бірліктің арқасы екендігін айтқан университет ректоры мереке қарсаңында бірқатар оқытушы-профессорлар мен бөлім басшы-

ларын, қызметкерлерді «Ұлағатты ұстаз» төсбелгісімен және Алғыс хатпен марапаттады. Рухани жаңғыру бағдарламасының жетекшісі Әміреқұл Ергешұлы Елбасының «Астананың 20 жылдығы» төсбелгісімен арнайы марапатталды. Жиын соңы университет өнерпаздарының арнайы дайындаған мерекелік концертіне ұласты.

ЯУ-ақпарат

ЕЛ ЕРТЕҢІ – ЖАСТАРДЫҢ ҚОЛЫНДА

Университетіміздің ректоры Болатбек Серікбайұлы Түркістанға іс-сапармен келген ҚР-ның Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының орынбасары Айгүл Амантайқызымен іскерлік кездесу өткізді.

Кездесудің мақсаты-жастардың рухани және мәдени дамуына серпін беру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру. Кездесу барысында Болатбек Серікбайұлы мемлекеттік қызмет саласының дамуы және сыбайлас жемқорлық

жағдайларын болғызбау үшін барлық бастамаларды әрқашанда қолдайтынын айтып өтті. Алқалы жиында сөз сөйлеген Айгүл Шайымова: «Президентіміз келесі жылды Жастар жылы деп жариялады. Жастар үшін барлық бағыттар бойынша неғұрлым қолайлы жағдайлар жасалатын болады. Сондықтан жастар өз болашағын дұрыс жоспарлауы тиіс» - деді. Жиыннан соң ректорымыз бен қонақтар кітапханада ашылған «Саналы Ұрпақ» жобалық бюросының салтанатты ашылуына қатысты. «Саналы Ұрпақ» жобасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, Мөлдір және ашық оқу орны, Академиялық адалдық, Білім беру саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы, Ақпараттық қолдау бағыттарында жұмыстар жасайды.

Сондай-ақ өңірде алғаш болып университет қабырғасында 20 білімді, дарынды бітіруші түлектерден құралған «Мемлекеттік қызметшілер мектебі» және жастар арасында сыбайлас жемқорлық көріністерін жою мақсатында және оларға адал көзқарастарының дамуын осы жерде жүріп қалыптастыру үшін «Адалдық дүкені» ашылды. Сатушысы жоқ дүкеннен тұтынушылар өз керегін сатып алып, ақысын бақылаушысыз-ақ сол жерге жәшікке салып кетеді. Бұл арқылы студенттеріміз адалдық пен әділ жолды сезініп жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттерді өзі жасайды.

Ақмарал СЕРІКБАЕВА,
1-курс студенті



АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Университетіміздің жас ғалымдары «Ғылым саласындағы сыйлықтар мен мемлекеттік ғылыми стипендиялар» конкурсында жеңімпаз атанып, шәкіртақыға ие болды!

ҚР БҒМ Ғылым комитеті 29 тамыздан 29 қыркүйекке дейін «Ғылым саласындағы сыйлықтар мен мемлекеттік ғылыми стипендиялар» конкурсына жұмыстар қабылдауды жүзеге асырған болатын. Жұмыстар «Ғылым саласындағы атаулы сыйлық», «Ғылым мен техникаға елеулі үлес қосқан ғалымдар мен мамандарға арналған мемлекеттік ғылыми стипендия» және «Талантты жас ғалымдарға арналған мемлекеттік ғылыми стипендия» номинациялары бойынша жіберілді. Конкурстың нәтижесі бойынша «Ғылым саласындағы сыйлықтар мен мемлекеттік ғылыми стипендиялар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 19 шілдедегі № 830 қаулысына сәйкес және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018

жылғы «б» желтоқсандағы № 672 бұйрығымен университетіміздің 3 жас ғалымы стипендия иегері атанды. Олар:

1. Дінмұхамед Келесбаев — Мемлекеттік басқару және экономика жоғары мектебі, Менеджмент және лидерлік даму бағдарламасының жетекшісі, PhD, қауым. профессор м.а.

2. Ғазиза Тойшыбекова — Жаратылыстану факультеті, Экология және химия кафедрасы, PhD, доцент м.а.

3. Индира Аймбетова — Жаратылыстану факультеті, биология кафедрасы, тех.ғ.к.

Айта кететін жайт, жас ғалым номинациясының нәтижесі бойынша еліміздің 32 жоғары оқу орынының жас ғалымдары стипендия иегерлері атанды. Университетіміз шәкіртақы иегерлерінің саны бойынша екінші орынды иеленіп отыр.

Университетіміздің атынан конкурсқа қатысып жеңімпаз атанған ғалымдарымызды шын жүректен құттықтай отырып, оларға шығармашылық табыс тілейміз!

Коммерциализациялау офисі

БІЛІМГЕРЛЕР ЖҮЛДЕМЕН ОРАЛДЫ

Оқу ордамыздың «Қаржы» мамандығының 2-курс студенті Руслан Төлеген «Мен жастарға сенемін» атты студент жастарының VI республикалық патриоттық форумында «Мәңгілік ел мұраты!» патриоттық өндер байқауында I орынға ие болды. Аталмыш байқауда «Ақерлік өнер» мамандығының 2-курс студенті Еркенбаева Іңкәр «Талғампаз өнші» номинациясымен марапатталды.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңыру» атты бағдарламалық мақаласындағы рухани жаңыру үдерісінің маңызды бөлігі жастар арасындағы патриотизм мен Отанға деген сүйіспеншілікті қалыптастыру мақсатында ҚР Президенті күніне орай Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде өткізілді. Студент жастардың Қазақстанның болашағына деген азаматтық жауапкершілігін арттыру және патриоттық сезімін биікке көтеру мақсатында байқау 2013 жылдан бері өткізіліп келеді.

Университетіміздің атын асқақатқан жеңімпаздарға дипломдар мен сыйлықтар табысталды. Руслан Төлегенге Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да бір жыл тегін оқу гранты бұйырды.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

Жақында университетімізде студенттердің кезекті XXVII ғылыми-теориялық конференциясы өткізілді.

Пленарлық мәжілісте университеттегі Рухани жаңыру бағдарламасының жетекшісі Ә.Әбуов және «Ясауи» ғылым орталығының директоры Ә.Садықов жастарға сәттілік тіледі. Олар жырда ғана баспасөз беттерінде жарияланған Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы аясында алдағы уақытта да ғылыми конференциялар ұйымдастырылатынын айтты. Және барлық секция жетекшілері мен баяндамашылары Елбасы Н.Назарбаевтың бұл құнды еңбегінен бастау алатын міндеттеріне де тоқталып өтті.

Конференция жұмысы 29 қараша мен 12 желтоқсан аралығын қамтыды. Осыған орай, факультеттерде ғылыми бағыттар бойынша арнайы секциялар жұмыс жасады. Онда ғылымға бет бұрған студент-жастардың тың зерттеулері мен ғылыми жаңалықтары талқыланды.

Конференцияда факультеттер бойынша 28 секция жұмыс істеп, онда 1038 баяндама тыңдалды.

Секциялар бойынша іріктеуден өткен 29 студенттің ғылыми жұмысы I орынға, 56 студенттің

ғылыми жұмысы II орынға, 84 студенттің ғылыми жұмысы III орынға лайықты деп танылды.

Конференцияның қорытынды мәжілісінде университетіміздің I вице-президенті Женгиз Томар мен вице-президент Камалбек Беркімбаев құттықтау сөз сөйлеп, үздік студенттерді марапаттады. Білімді жастарымыз осындай игі шаралар арқылы ғылымға жол ашып, жас буын ынталанады. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары шығармашылық бастамаларын дамытып, ғылыми-техникалық үдеріс жетістіктерін тәжірибеде қолдануға бағыттайды. Еліміздің болашақ ғалымдары алғашқы осындай ғылыми-зерттеу жұмыстары арқылы шыңдала береді деген үміттеміз. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары жоғары білім берудің негізгі бөлігі және маман даярлау сапасын арттырудың тиімді тәсілі болып саналады. Ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысу студентті кәсіби пәндерді терең меңгеруге, олардың ғылыми, техникалық және әлеуметтік дүниетанымын кеңейтуге, жаңа идеяларды өз бетінше игеруге, ғылыми ақпараттар тасқынында жедел әрі тиімді бағыт ұстануға бейімдейді.

ЯУ-ақпарат

АСТАНА. ПРЕЗИДЕНТ. ТӘУЕЛСІЗДІК

Университетімізде Елордамыз - Астананың 20 жылдығына, Тұңғыш Президент күніне және еліміздің Тәуелсіздігі күні қарсаңында "АСТАНА. ПРЕЗИДЕНТ. ТӘУЕЛСІЗДІК" атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференция өтті.



Конференция жұмысына отандық және шетелдік ғалымдар, қоғам қайраткерлері, ҚР Парламенті Мәжілісі мен Сенатының депутаттары, шет мемлекеттердің Төтенше және Өкілетті елшілері қатысты. Іс-шара аясында кітап көрмесі ұйымдастырылып, Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор З.Қабылдиновтың «Астана тарихы» кітабының ағылшын тіліндегі нұсқасының тұсауы кесілді. Университет президенті Б.Абдрасилов құттықтау сөз сөйлеп, конференцияның маңыздылығына тоқталды. Конференция барысында Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «үшінші мыңжылдықтың астанасын» құрудағы ерекше рөлін түсіндіру, «Рухани жаңыру» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру, Астананың қазіргі жаһандық өлемдегі орны мен рөлі жайында тың ой-пікірлер ортаға салынды.

Елтаңба авторы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, Жандарбек Мәлібеков университет ректорына латын қарпімен жазылған Елтаңбаны табыс етті. Жиынға Түркістан облыстық мәслихатының хатшысы Қайрат Балабиев, университет президенті Болатбек Абдрасилов, профессор Женгиз Томар, оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент Өмірбек Үмбетов, Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының директоры Зиябек Қабылдинов қатысты. Бұл жиын, университет студенттері бойындағы патриоттық сезімнің жаңғыруына үлкен үлес қосты.

Мадина МАМЫР,
1-курс студенті

ҰЛЫ ДОСТЫҚТЫ ҰЛЫҚТАҒАН КЕШ

Жуырда заманымыздың заңғар жазушылары Шыңғыс Айтматов пен Қалтай Мұхамеджановтың 90-жылдық мерейтойларына орай «Түркі халықтарының рухани жаңғыруы: Тұлғалар тағылымы» атты Халықаралық конференция өткізілді. Маңызды жиынды ұйымдастыруға университет жұмысы ұйытқы болды. Кеш барысында Ш.Айтматов пен Қ.Мұхамеджановтың өмірі мен шығармашылықтарына арналған фото-көрме ұйымдастырылды.



Өскелең ұрпаққа артында қалған мол мұраларды насихаттау мақсатында Ш.Айтматовтың «Миғұла терісі үстіндегі сот» атты театрлық қойылым ұсынылды. Қ.Мұхамеджановтың «Көктөбе басындағы кездесу» көркем шығармасынан үзінді оқылды. Көпшілікке үлкен ой тастаған қос бірдей көрсетілім жиналғандарды бір серпілтіп тастады. Керемет әсерлі үзіндіден кейін жиын пленарлық мәжіліске ұласты. Онда модератор Құлбек Ергөбек қонақтарды таныстырып, баяндамашыларға сөз берді. Алғашқы кезекте университет президенті — Б.Серікбайұлы, вице-президент Женгиз Томар және Қырғызстан Республикасының Ұлттық Ғылым Академиясының Ш.Айтматов атындағы Тіл және әдебиет институтының «Манас» фольклор және ақындар поэзия бөлімінің басшысы, филология ғылымдарының докторы, профессор — М.Колбаева, Ә.Науаи атындағы Ташкент өзбек тілі мен әдебиеті Мемлекеттік университеті, оқу істер бойынша проректор — Н.Жоракозиев, Қазақ сатирасының классигі, жазушы, ҚР Президенті сыйлығының иегері — К.Өмірбек және де Қорқыт Ата атындағы Қызылорда Мемлекеттік университетінің профессоры, «Қалтайтану» мұрасының жетекшісі — Қ.Құдайбергеновтер құттықтау сөз сөйлеп тағылымы мол шараның маңыздылығына тоқталды. Сондай-ақ, Қырғызстан Республикасы ҰҒА Ш.Айтматов атындағы Тіл және әдебиет институтының профессоры М.Колбаева оқу ордамыздың кітапханасына Ш.Айтматов жайында жазылған он томдық кітапты сыйға тартты.

Аталған шараға Түркі тілдес мемлекеттерден өкілдер мен еліміздің бірқатар аймақтарынан ғалымдар қатысты. Онда Өзбекстан Республикасы мен Қырғызстан Республикасы және Маңғыстау, Қызылорда өңірлерінен төрағалар мен профессорлар арнайы қатысып өз кезегінде арнайы баяндамалар жасады. Одан әрі университет өнерпаздарының дайындаған концерттік бағдарламасына ұласты.

ГАЗИ УНИВЕРСИТЕТІМЕН ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ АРТА ТҮСТІ

Таяуда университетіміздің ректоры Болатбек Абдрасилов және I Вице-президент Женгиз Томар Түркия Республикасына іс-сапармен барып қайтты. Сапар барысында Түркия Республикасының алғаш құрылған Гази университетінде болып, оқу орын ректоры Ибрахим Услан мырзамен кездесті.

Кездесуде екі жақты ынтымақтастық пен өзара әріптестікті дамыту туралы келіссөздер жасалды. Сонымен қатар, аталған оқу орнының Технопарк аралап, Технопарк директоры Тугрул Имер мырзамен жақыннан танысты. Технопаркте жасалып жатқан үздік тәжірибелер мен жаңалықтар туралы толық ақпарат алды. Технопарк 2007 жылы құрылған және Түркия Республикасындағы табысты Технопарктердің бірі болып табылады. Құрамындағы 100-ден аса компанияда 2 000 инженер жұмыс жасайды, жылдық капитал айналымы 50 млн АҚШ долларын құрайды. Сонымен қатар, осы Гази технопаркте орналасқан МИА Технологиялары компаниясында болып, компанияның жұмыстары туралы толық ақпарат алды. МИА Технологиялары компаниясы Ақпараттық үйелер саласында Түркия Республикасында сәтті әрі табысты үздік компанияларының бірі болып табылады.

СЕМИНАР ӨТТІ

Университетте Әлеуметтік ғылымдар, Гуманитарлық ғылымдар факультеттері мен Мемлекеттік басқару және экономика жоғары мектебінің ұйымдастыруымен «Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күні» атты тақырыпта жаппай бірыңғай сағаты өткізілді.

Маңызды жиынға факультет декандары, оқытушы профессорлар мен студенттер қатысты. Дінтану кафедрасының доценті, Сержан Оразбай, Мемлекеттік басқару және экономика жоғары мектебінің директоры Алмас Құралбаевтар баяндама жасады. Қатысушыларға сыбайлас жемқорлық пен қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын-алу жайында ақпараттар берілді. Семинарда сыбайлас жемқорлықтың салдары, қоғамымызға зияны жан-жақты талқыға түсіп сауалнама жүргізілді. Сыбайлас жемқорлыққа қатысты мәселе ерқашан Елбасының назарында. Елбасымыз Қазақстан халқына арнаған дестүрлі Жолдауында «Сыбайлас жемқорлық қоғамға, мемлекеттің конституциялық негізіне қауіп төндіреді, сондықтан онымен күрес жүргізу — жалпы ұлттық міндет», - деген болатын.

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛАҒАТЫН ҰЛЫҚТАУ



Адамзат мекен еткен алып жер шарын ғарыштық қашықтықтан бақыласаңыз, тозаңның қылауынан да елеусіз бір нүктені көрген болар едіңіз... Сол мекенде ғұмыр кешетін Адам деген тіршілік иелерінің жүрек көзі ғарышты еркін шарлап, махаббатпен әлемді таниды. Он сегіз мың ғаламның сезімнен нәр алған бөлшегінің тулаған көңілінің тұрағы - жүрегі болса, жүрегі соққан әр пенденің төні мен жанының тұрағы - туған Отаны. Адамзатқа ғана тән кереметтің бірі - кіндік қаны тамған туған жерін қадір тұту сезімі емес пе?! Жер ана мен туған Анасының арасындағы рухтың байланысын да пендесі тек жүрек сырымен сезеді, солай мәңгілікке табысады. Қаннан ұйып, жан бітіп, туылып, туған жерге табаны тиіп, ақыл мен жүрегінің иегере бастаған адам баласы бар құндылығын бойына қанмен сіңіріп, Ұлы өмір жорығына аттанады. Өмір, туған жер, отан осылай тағдырлас, тамырлас... Зиялы жұрттың мойнында ұрпақ алдында бір міндеті болады. Ол міндет-өзінен кейінгі буынға рухани құндылық қалдыру. Өткен замандағы сан түрлі тарихи оқиғалардың себебінен, соғыстардың кесірінен жоғалып, ұмыт қалған жәдігерлерді жұртымен қайта қауыштыру. Өзін-өзі таныған халық өзін де өзгеге мойындата алады. Өзін танытқан халықтың мерейі қашанда үстем. Осы түйсіктің негізінде қазақ дала-сында да белгілі бір дәстүрлер мен ережелер желісі қалыптасып, тамыр жайғаны анық.

Жуырда жарияланған Елбасымыздың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы рухани өміріміздің осы

құндылықтарын айғақтайтын жаңа белесі. Осы уақытқа дейінгі мемлекетіміздің жасап келген стратегиялық жоспарларының уақыт пен кеңістік аясында қайта бағалануы. Жаһандану заманы тек озық технологиялармен ғана емес, сол технологияларды жасайтын жасампаз рухпен өлшенетінін дәлелдеуде. Ал рух – ол өткен тарихымыздың қойнауларындағы бабаларымыздың өз заманының озығы бола алғанымен өлшенеді. Қазір Елбасымыз біздің барлық жақтан рухты да мықты, сапалы да саналы болуымыз үшін ең озық тетіктерді жолға қоюда. Кез-келген дамушы мемлекеттер тәжірибесіне қарасақ, өздерінің ұлттық жауһарларын әлемге паш ету арқылы, тарихын тереңінен танытуға ұмтылады. Ұлттық ерекшеліктері арқылы ұлт ретінде даралануға тырысады. Елбасы өзі атап өткен ұлттық кодтарымыз бен брендтерімізді трендке айналдыру арқылы көш бастауға шақырады. «Қазақстан тарихы да жеке тарихын кеңістік пен уақыт аясында негіздерде қайта жаңғыртудың жеті ғажап бөлшектерін атап өтті. Оларды атқа міну мәдениеті, ұлы даладағы ежелгі металлургия, аң стилі, алтын адам, Түркі әлемінің бесігі, Ұлы Жібек жолы, Қазақстан – алма мен қызғалдақтың отаны деп айықтады. «Көтерілген мәселелер жан-жақты ой елегінен өткізіп, терең зерделеуді талап етеді. Сондай-ақ, біздің дүниетанымымыздың, халқымыздың өткені

мен бүгінгінің және болашағының іргелі негіздеріне тікелей қатысты. Бұл жұмысты бірнеше ірі жобалар арқылы бастауға болады» дей отырып жоғарыдағы жеті қырымызды ашып көрсетудің ірі жоспарын да ұсынды. Архив – 2025, ұлы даланың ұлы есімдері, Түркі әлемінің генезисі, ұлы даланың ежелгі өнер және технологиялар музейі, дала фольклоры мен музыкасының мың жылы, тарихтың кино өнері мен телевизиядағы көрінісі деп Президент жаңа мақаласында төл тарихымыз бен мәдениетімізді жіктей келе тарихи сананы жаңғырту мәселесін көтеріп, 6 бірдей жобаны ұсынып отыр. Оның ішінде, «Ұлы дала тұлғалары» серияларын шығаруды құп көреді. Оқиғалар мен тұлғаларды уақыт тізбегі бойынша бір жүйеге келтіру тарихымыздың нағыз жетіспей тұрған тұсы дейді мамандар.

Осыдан бір жарым жыл бұрын «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында жоғарыда аталған жобаларды «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жалғасы ретінде қарастырып отыр. «Туған жер» бағдарламасы туралы айта келіп: «Туған жерін сүйе алмаған, сүйе алар ма туған елін...» деген орынды нақыл сөз қолданады. Дүние есігін өлеңмен ашқан кез келген адам баласы кіндік қаны тамған жерге өнерін де, өмірін де арнауы керек. Елбасымыз бізге тек бағдарлама мен оның орындалуындағы бағыттарды ұсынып ғана қоймай, сол шараларды бірге атқаруға, туған жердің көркеюіне, дамуына ат салысатындығын да айтып өтті. Біздің заманымызға дейінгі тарихтан сыр шертер тау-тастарымыздың бетіндегі таңбалар, ең көне Ботай мәдениеті, жарты әлемді билеген Түркі қағанатының «Күлтегін» мен «Тоныкөк» ескерткіштері, ұлы дала төсіндегі ұлы хандарымыз бен билеріміз, бағыттарымыз бен ақындырымыздың Ұлытау өңіріндегі шежірелі жәдігерлері, сан ғасырлық тарихы бар ескерткіштеріміз материалдық бағыттағы дүниелер болғанымен, мәні мен мазмұны терең мәдени әрі рухани қазынамыз екендігіне өлем назарын аудартады. Сыртқы және ішкі жат идеологияларға төтеп берер мыңжылдықтардан хабар жеткізер рухани дүниелерімізді өз ортамызда және өзгелерге насихаттау мен дәріптеу – біздің тағдырымызға әсер етер әрекет, туған жердің дамуына қосқан еңбегіміз болмақ. «Рухани жаңғыру» жалпыұлттық бағдарламасының жаңа компоненттері ата-бабаларымыздың көп ғасырлық мұрасының цифрлық өркениет жағдайында түсінікті әрі сұранысқа ие болуын қамтамасыз ете отырып, оны жаңғыртуға мүмкіндік береді. Төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін халықтың болашағы зор болады деп сенім білдірген. Өткенін мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту – еліміздің табысты болуының кепілі де осы. Елбасымыздың тарихқа деген дұрыс ұстаным, сол арқылы түп-тамырымызды білуге, ұлттық тарихымызға терең үңіліп, оның құрмеулі түйінін шешуге мүмкіндік туатындығын осы мақаласы арқылы терең ашып бере алды.

Гүлімжан ЖЫЛҚЫБАЙ,
Қазақ филологиясы кафедрасының
меңгерушісі, ф.ғ.к., доцент

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ - ХХІ ҒАСЫРДАҒЫ ҰЛТТЫҚ САНАНЫҢ КӨРІНІСІ

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бағдарламалық мақаласы «Болашаққа бағдар: қоғамдық сананы жаңғырту» - «Рухани жаңғыру» бүкіл елдің сапалы түрде қайта жаңғыруына негіз бола алатын идеялық бастауы болып табылатыны сөзсіз.

Жаңғырудың негізгі мақсаттары мен ерекшеліктеріне маңыздылығына тоқталып өтсек: «Жаңғыруға бұрынғы көзқарастай, тарих еншісіндегідей емес, ұлттық дәстүрлерге сенімділікпен қарамауымыз керек. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды».

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Бұл мақалада сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айырылып қалмай, оны өлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер туралы өзекті мәселе көтеріліп отыр. Онда ел Президенті Қазақстан үшін қайта түлеудің айырықша маңызды екі үдерісі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға ала отырып, біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынын және бұқаралық сананы қалай өзгертетіні жөнінде алысты болжайтын көзқарастарымен бөліседі.

Тәуелсіз еліміз өркениетті, саналы, жауапкершілігі жоғары деңгейде қалыптасуы үшін, алдымен болашаққа қалай қадам басатынын және бұқаралық сананы өзгерту маңызды болмақ. Еліміздің тағылымы мол тарихы мен ерте кезеңнен арқауы үзілмеген ұлттық болмысымыз бен салт-дәстүрлерімізді өркениеттің берік

діңі ретінде сеніммен қарағанымыз басты міндет.

Елбасымыздың бағдарламасында екі тарау, алты тармаққа және алты тапсырмаға негізделуінің бірінші бөлімінде «Бәсекелік қабілет», «Прагматизм», «Ұлттық бірегейлікті сақтау», «Білімнің салтанат құруы», «Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы», «Сананың ашықтығы» атты алты тармақ еліміздің жаңғыруына бастама.

Саяси, экономикалық реформаларда егеменді еліміз бірқатар жақсы нәтижелерге қол жеткізгені баршаға мәлім. Ол адами құндылықтар, рухани қазына, жастарды тәрбиелеу, олардың бойына патриоттық рухты сіңіре білу жұмысында рухани салаға басымдық берудің қажеттілігін алға қойып отыр. Бұл дегеніміз – ұлтымыздың барлық ұлттық салт-дәстүрлерін, мемлекеттік тіліміз бен әдебиетімізді, мәдениетімізді, ұлттық рухымызды жаңғырту деген асыл ұғымға келіп саяды. Елбасымыздың рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім, ғылымға маңыз беруі – үлкен көрегендік пен ұлттың алға ілгерілеуін жылдам қарқынмен жылжытатын қозғаушы күш. Бұл – тәуелсіз еліміздің бақытты болашағы мен алаңсыз келешегі үшін жасалып жатқан жұмыс. Өйткені, рухани байлықтың кемел болғаны бұл жеке азаматтарымыз үшін де, әрбір жеке тұлғадан құралған қоғам, туған еліміз үшін де өте маңызды үдеріс.

Қоғам дамуы, ел өркениетке бет бұруы ұлт болашағы үшін үлкен жауапкершілікті талап етеді, ең алдымен бәрі санадан басталады. Сол үшін маңыздысы сана түзелуі керек. Сананы рухани жағынан күнделікті жан жақты жетілдіріп, дамытып отыруымыз керек. Абай атамыз «Адам бол» деп өз жырларында айтып өткен. Бұл нақыл сөз қазақтың ұраны іспетті сөз. Елбасымыздың рухани жаңғыру бағытындағы жұмысында Абай ұранының көрінісі бар. Яғни бұл жұмыстың маңыздылығы өте тереңде жатыр. «Білімді мыңды жығады, білекті бірді жығады» дегенге саяды. Білімі мықты ел болу үшін

еліміздің білім беру салаларын реформалаймыз деп жатыр. Білім бәсекеге қабілетті дамытуымыз керек. Бүкіл әлемдік, ұлттық тәрбие қалыптасуы керек. Елімізде қалыптасқан ата - бабаларымыздың ежелден келе жатқан тарихи құндылықтарын ескелең ұрпақ санасына ендіріп, үрдісіміздің бәрін бойларына сіңіріп өссе, ұлттық жаңғыруы болмақ.

Елбасымыз тәрбие, білім беру саласына үлкен мән беріп отыр. Маңыздысы үштілдік бағыты бүгінде басты назарда. Ағылшын тілі - халықаралық тіл. Бүкіл әлемдік толып қалыптасқаннан бері біз одан сырт қала алмаймыз. Сол тіл арқылы ұлттық тарихи мүддемізді бүкіл әлемге паш ете аламыз. Әрине ұлттық ана тілімізді де ұмытуға болмайды. Ұлт болашағы ол өз ана тілі. Сондықтан қазақ тілінде басымдылық беруге міндеттіміз.

Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласындағы қоғамды рухани жаңғыртудың басымдықты идеяларын педагогтар арасында кеңінен насихаттау болып табылады. Қазақ елінің абыройын асырып, мерейін үстем етер, өлем таңғалар, талай-талай жаңалық ашар білімділер керек. Осы Тәуелсіз еліміздің намысын қорғайтын, бүгінгімізді ертеңіне жалғайтын, қазақ елінің ертеңі, болашағы үшін жауап беретін бүгінгі ұрпақ екенімізді сезінейік. «Сен де бір кірпіш дүниеге, Кетігін тап та бар қалан!» - деп Ұлы ақын Абай атамыздың сөзімен сөзімді аяқтаймын.

А.РЫСБЕКОВА
Білім технологиялар кафедрасының
меңгерушісі,
Ж.ШАЛАБАЕВА
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда
мемлекеттік университетінің 2-курс
доценттері

СТУДЕНТ ЖАЗБАЛАРЫ



Студенттер беті

АУДИТОРИЯ

СТУДЕНТТІК ПРЕЗИДЕНТ ДИАС БЕРІКБАЕВ:

«СТУДЕНТТЕРГЕ БАРЛЫҚ ЖАҒДАЙ ЖАСАЛҒАН»

Университетіміздің Әлеуметтік ғылымдар факультеті, Халықаралық қатынастар мамандығының 4-курс студенті, студенттік президент Диас Берікбаевпен сұхбаттасқан едік. Белсенді студентпен болған әңгімені оқырман назарына ұсынғанды жөн көрдік.



— Диас университет студенттері сізді белсенді және ағылшын тілін жетік меңгергеніңнен хабардар. Ал, Диасты осы оқу орнына алып келген не? — Мектепті бітіріп Ұлттық бірыңғай тестілеуден жоғарғы балл алдым. Қазақстандағы белді университеттердің біріне оқуға тапсырып, екіншіке орай түсе алмадым. Бірақ, Білім және ғылым министрлігімен байланыс жасап, оқуға түсе алмайтынымыздың себебін сұрадым. Содан бір-екі айдың төңірегінде хабар келді. Түркістан қаласында Халықаралық универси-

тет бар деп. Содан міне, ХҚТУ студенті атанғаным осымен бесінші жыл. Түрлі ұлт өкілдерімен бір шаңырақ астында білім алудамыз. Ескі қаладағы жаңа тіршілік, қызықты студенттік жылдарым өтіп жатыр. — Осында келерде не жоспарлап едіңіз? Тек оқу, тіл үйрену болды ма? Сол жоспарлар орындалды ма?

— Оқуға келгенде мен жоспар құруды білген жоқпын. Бірақ қазір арнайы күнделік жасаймын. Ретпен орындалатын жоспарларымды жазып, есеп беремін. — Студенттік өмірде жиырмадан астам мемлекетте өткізіп келесің. Мұның барлығы бала күнгі арман болды ма, әлде университетке келгеннен соңғы сәйкестік пе?

— Кішкентай кезімнен халықаралық қатынастар мамандығында оқуды армандадым. Химия, медицина мамандықтарына қызығушылығым болмады. Менің мамандығым саяхат, дипломатия басқа да көптеген мамандықтармен байланыста. Мектеп уақытынан дипломатиялық тренингтерге, арнайы сабақтарға көп барып тұратынмын.

— Қазақстан әлде Америка!? — Өмір сүру жағынан Қазақстан, ал ақша табу, білім алу жағынан Америка. Себебі Америкада адамның қабілеттері жоғары бағаланады. Мысалы ең аз төлемақы сағатына 7 доллар, біздің елдегі бір күндік 500 теңге табатын төлемақы секілді. Ол жақта кез-келген жұмысты құрметтейді, жақсы жаманға бөлмейді.

— Сізге тағы қандай тілдерді үйрену керек? — Міндетті түрде Испан тілі! Сосын қытай тілі. Себебі ол дәл қазір ең керекті тілдердің бірі. Халықаралық қатынас болсын, бизнес жобалармен болсын. Испан тілі не үшін керек!? Қазіргі таңда ең көп қолданыстағы тілдердің бірі, Америка Құрама Штаттарының өзінде көп қолданыста. Араб тілі жоспарда бар, бірақ қазір емес.

— Университет сізге магистратурада оқу үшін кез келген мемлекеттің оқу орнын ұсынса, қай университетті таңдар едіңіз? — «Harvard» университетін таңдар едім. Осы жазда «Harvard» университетінің студенттерімен таныстық, әңгімелестік. Біз ол жақта қиын деп ойлаймыз. Олар да тура біз секілді білім алады. Аз ғана өзгешеліктері бар. Маған тағы бір ұнағаны студенттерге барлық жағдайлар жасалған екен. Кітапханалар 24 сағат жұмыс жасайды.

— Дәл қазір студенттерге не керек? — Жақсы жүйе қажет. Қазақта жігіт «жеті қырлы бір сырлы болу керек» деген тәмсіл бар. Негізі көп жетістікке жеткен адамдар ол нәрсені құп көрмейді. Себебі олар бір бағытпен өзін шыңдағандар. Осы жастар үшін дұрыс бағыт-бағдар беріп отыратын адамдар керек. Олармен сұхбаттасып, сабақтарын қарау студенттерге керек.

— Сіз белгілі бір жетістікке жету үшін мотивациялық кітаптар оқисыз ба? Мотиватор бола аласыз ба? — Мотивациялық кітаптарды оқуды дұрыс санамаймын. Себебі шетелдік мотивациялық кітаптар біздің менталитетке сай келмейді. Біреудің өмірін оқу арқылы мотивация ала алмайсың. Ол сол адамның өмірі, сен оны қайталай алмайсың. Ол адамның өмірімен танысасың, бірақ ол саған мотивация бере алмайды. 1-2 күн күш жинайсың, бірақ оның қарсы тұстарын да ескерген дұрыс. 20 жаста басқа біреудің жасаған жұмысын сен елді жасамадың, өзінді өзің құрдымға түсіруің де мүмкін. Мен негізі психологиялық кітаптар оқығанды ұнатамын.

— Әлеуметтік желіде белсендісіз, әсіресе инстаграм парақшаңыз адамды шабыттандырып тұрады. Керемет табиғат видеолар, фотолар. Осындай дүниелермен айналысу хоббиіңіз бе? — Негізі арнайы отырып үйренген жоқпын, бірақ қайта қайта жасау керек болғандықтан үйреніп кеттім. Кез-келген нәрсені керемет деңгейде жасап шығуға тырысамын. Себебі ол менің өмірімді көрсетеді, достарымнан бөлек оқырмандарым бақылайды. Сондықтан ұқыпты қарауға тырысамын, өзіме ұнайды. Тағы бір айта кететінім, қазіргі таңда кез-келген жерге жұмысқа орналасу үшін әлеуметтік желідегі парақшаларымыз қаралады, сол арқылы қоғамдағы белсенділігімізді тексереді. Бұл ең керекті дүниелердің бірі деп білемін.

— 10 жылдан соң өзіңізді қалай елестетесіз? — Қазір нақты айта алмаймын, бірақ жоспарларым көп. Бірақ бәсекеге қабілетті кәсіпкер және ардақты әке көремін өзімді... — Түркістанның болашағы туралы не ойлайсың? — Түркістан даму үстінде. Мен осы қалада оқығанымна қуанамын, себебі көптеген мүмкіндіктер сыйлады. Көптеген достарым Астана, Алматы қалаларында оқиды. Олар кейде менен қайда оқисың деп сұрайды. Түркістанда оқып жатқан барша студенттер оның болашағы үшін аянбай қызмет етеді деген сенімдемін. Мен де Түркістан қаласында тіл үйрету курстарын, шағын мектептер ашу ойымда бар.

— 10 жылдан кейін «Forbes» журналына, маған, мықты кәсіпкер ретінде сұхбат бере аласыз ба? — Егерде бағымыз жанып аталған жобалар жүзеге асып жатса әрине, қуана-қуана сұхбат береміз!

Сұхбаттасқан: Үміт ТҰРСЫНХАН,
3-курс студенті

АРМАН АЛҒА ЖЕТЕЛЕЙДІ

Армансыз адам – қанатсыз құспен тең. Әр адамның арманы бар. Арман адаммен бірге өседі, өркендейді.

Мен балалық шағымнан журналист болуды мақсат еттім. Балалық қиялмен ойымдағының бәрін ақ парақ бетіне түсірдім. Бос уақытымда көп кітап оқуға дағдыландым. Теледидарда сөйлеп жатқан журналист, дикторлардан үлгі алып, олардың сөйлеу мәнеріне ғашық болдым. Есейе келе, бұл арман – алға қойған мақсатыма айналды. Журналист – қарапайым халық пен жоғарғы билік арасындағы көпір секілді. Журналист болу үшін шындықты жақтап, тура жолмен жүру керек. Сөзге шешен, ұтқыр ойлы, жан дүниесі әсем, кез-келген адаммен сөз табыса алатын болу шарт. Мен де, жоғарғы білім алып, елге қызмет еткім келеді. Ащы болса да, шындықты жақтайтын, шындық үшін күресе білетін, өз ісінің маманы болсам деймін. Бүгінгі арманым – ертеңгі болашағым болар?! Бүгінгі қиялымдағы ойым – ертеңгі күнімнің еңбекпен тауып жейтін азығыма айналар?! Мен бұл арманымды орындауға күш саламын.

Ақниет АБДУЛЛА,
1-курс студенті

ҰЛТ БОЛАШАҒЫ – ДЕНІ САУ ҰРПАҚ

Медицина факультеті ЖМ-712, 713, 714, 715 топтарында Филология факультетінің оқытушысы, доцент Ақзия Молдашеваның бастамасымен «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» бағдарламасы аясында Түркістан қалалық көмекші мектеп-интернат коммуналдық мемлекеттік мекемесінің тәрбиеленушілерінің қатысуымен «Ұлт болашағы – дені сау ұрпақ» тақырыбында қайырымдылық іс-шара өткізілді.

Іс-шараның ашылу салтанатында Ақзия Молдашева: «Адамның денсаулығы – қоғам байлығы. Әрбір адам өз денсаулығының мықты болу жолдарын қарастыру керек. Дені сау адамның көңіл-күйі көтеріңкі болып, еңбекке ерқашан құлшына кіріседі. Халқымыз «Дені саудың – жаны сау» деп орынды айтқан. Денсаулық – бұл адамның еңбекке белсенді болуы, ері ұзақ өмір сүруі, тәннің саулығын және рухани саулығын сезіну.» екендігі жайында атап өтті. Әсел Асқар мен Дилноза Ирисматова салауатты өмір салты туралы баяндама оқыды. Омар Аманбек пен Асқар Райхан ән салып, Нұрсәуле Батырхан мен Айбек Амангелді жүргізушілік тізгінді қолға алды. Салтанат Дәрібай пен Анея Төленді балалармен билеп, балаларға керемет көңіл-күй сыйлай білді. Жайсаңбай Бекзат пен шетелдік досымыз Мохаммадюк Науаб қызықты да көңілді «Кім жылдам?», «Ғажайып алаң» ойындарын ұйымдастырып, белсенді болған балаларға арнайы сыйлықтар тарту етілді. Іс-шара соңында Түркістан қалалық көмекші мектеп-интернат коммуналдық мекемесінің тәрбиеші, мұғалімдері А.Молдашева мен студенттерге алғыстарын білдірді. Біздерді яғни болашақ дәрігерлерді, тек білім нәрімен ғана сусындатып қана қоймай, қайырымды іс жасауымызға септігін тигізген, бізді адами асыл қасиеттерге баули білген ұстазымыз А.Молдашеваға айтар алғысымыз шексіз!

Нұрсәуле БАТЫРХАН,
2-курс студенті

АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ - ҚУАТТЫ МЕМЛЕКЕТ НЕГІЗІ

Үстіміздегі жылдың 27-28 қарашасын да Елорда төріндегі Тәуелсіздік сарайында «Азаматтық қоғам және мемлекет: Диалог. Әріптестік. Сенім» тақырыбында Республикалық VIII Азаматтық форум өтті. ҚР Қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен өткен форум жұмысы Қазақстанның азаматтық Альянсы азаматтық сектор, мемлекеттік мекемелер, бизнес құрылымдар, халықаралық ұйымдар мен сараптамалық қауымдастық арасындағы ашық қарым-қатынасты дамыту, азаматтық қоғам институттарын дамыту және азаматтардың мемлекеттік басқару процестеріне қатысу белсенділігін арттыру мақсатын көздеді.

Іс-шараға 1000-нан аса мемлекеттік және халықаралық ұйымдар, ҚР Парламентінің депутаттары, қоғам қайраткерлері, үкіметтік емес ұйымдар, бизнес қауымдастығы, қоғамдық кеңес пен БАҚ өкілдері қатысты. Сессиялар мемлекеттік органдарды жаңғырту, медиа және ашықтық, экология және қоршаған ортаны қорғау, әлеуметтік кәсіпкерлік және инновация, белсенді азаматтық қоғамды қалыптастырудағы ЖОО мен мектептердің рөлі және басқа да өзекті мәселелерді талқылауға арналды. Форумның екінші күні Мемлекет басшысының қатысуымен «Азаматтық қоғам және мемлекет: Диалог. Әріптестік. Сенім» тақырыбындағы пленарлы отырыс болды. Форумның қатысушылары 2020-2025 жылдарға арналған Азаматтық қоғам институттарын дамыту тұжырымдамасының жобасын талқылады. Азаматтық форум әлеуметтік бастамалардың ең үздік тәжірибелерін ұсынып, азаматтық қоғамның қазіргі бейнесін көрсету үшін екі жылда бір рет өткізіліп тұратын үлкен ашық алаңға ұласты. Осы орайда айта кеткеніміз жөн болар, «Қазақстанның азаматтық альянсы» - еліміз бойынша барлығы 500-ден астам ұйым кіретін аса ірі республикалық бірлестіктердің бірі саналады. 2003 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың қатысуымен алғашқы Азаматтық форум өтті. Ол азаматтық сектордың саяси танымын белгіледі және азаматтық қоғам институттарының мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл тетігін қалыптастыру негізін қалады. Уақыт өте келе ҚАА үкіметтік емес секторда белсенділік көрсетуде, оның функциясы мемлекеттік билік пен үкіметтік емес сектор арасын байланыстыру болды. Қазақстанның азаматтық альянсы 2005 жылы Мемлекет басшысы Н. Ә. Назарбаевтың бастамасымен республикада азаматтық қоғамды қалыптастыру бойынша бірлесіп жұмыс істеу үшін үкіметтік емес ұйымдарды біріктірді. 2005 жылы екінші Азаматтық форумда мемлекеттің ҰЕҰ жұмысының негізгі стратегиялық бағыттары белгіленген болатын. Қазіргі таңда ҚАА көшбасы ретінде ҰЕҰ интеграциялайтын құрылым ретінде, мемлекеттік билік пен азаматтық қоғамның айналысатын аясының басты әріптесі ретінде қызмет етуде. Республикалық VIII Азаматтық форум аясында азаматтық қоғамның міндеті - жеке адам мен мемлекет арасында байланысты орнатуға мүдделі екендігін таныта отырып, семинарлар, шеберлік сыныптарын, пікірталас алаңдары мен дөңгелек үстелдер, 20-дан астам министрлік пен ведомство басшыларымен салалық кездесулер форматындағы 35 тақырыптық сессия, көрмелер, басқада іс-шаралар өтті. «Мен сенемін» азаматтық бастамалар конференциясы, «Ауыл-өл бесігі» пленарлық сессиясы, «Қауіпсіз және бейбіт қоғам, қуатты институттар, сот әділдігі» салалық сессиясы, «Белсенді азаматтық қоғамды қалыптастырудағы ЖОО мен мектептердің рөлі» және «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау» тақырыптық секциялары өте тартымды, көптеген әлеуметтік бастамалардың бүгінгі жағдайы мен тиімділігін арттыру тетіктері жайлы пікірлері мен ұсыныстары ортаға салынды. Сонымен қатар, ҚР азаматтық қоғамын тұрақты және тиімді дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған тұжырымдамасы да

талқыланды.

Биылғы іс-шараның басты ерекшелігі – форум жұмысына Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қатысып, халқымыздың бірлігін нығайту және елімізді дамыту жолында мемлекет пен қоғам арасында ашық диалог орнатудың маңызы зор екенін, үкіметтік емес ұйымдардың қызметі, іс жүзінде, қоғамымыздың маңызы бар барлық саласын қамтып отырғанын, қоғамдағы өзекті мәселелерді шешу жолдарын қарастыруда мемлекеттің сенімді әріптесі болып табылатынын, олардың түрлі экономикалық және әлеуметтік проблемаларды шешуге қомақты үлес қосып келе жатқанын атап өтті.

Елбасы Үкіметке Азаматтық форум барысында айтылған ұсыныстар негізінде нақты іс-қимыл жоспарын әзірлеуді жүктеп, азаматтық бақылау жүргізудің тиімді тетігін құру қажет екенін айтып, бұл ретте Қазақстанның Азаматтық альянсы басты рөл атқаратынын атап өтті.

Сондай-ақ, 2019 жылдың Жастар жылы деп жарияланғанын ескере отырып, Жастар саясатын іске асыру ісінде үкіметтік емес сектордың рөлін күшейту қажет, бұл мәселе өте маңызды, – деді Қазақстан Президенті.

Бұл форумның тағы бір ерекшелігі – әлеуметтік жобаларды талқылауға, ашық алаңда айтылған мәселелер бойынша, қойылған сұрақтар мен ұсыныстарға байланысты мемлекеттік органдардың басшыларының көптеп көп қызығушылықпен қатысуы болды. Форум шеңберінде Ауыл шаруашылығы, ҚР Мәдениет және спорт, Денсаулық сақтау, Қоғамдық даму, Білім және ғылым, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Энергетика, Ақпарат және коммуникациялар, Ұлттық экономика, Әділет, Қаржы, Ішкі істер министрліктерінің, Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің бірінші басшыларымен салалық кездесулер өткізілді.

Қоғамның дамуына Түркістан облысындағы үкіметтік емес ұйымдардың да қосар үлесі мол болды. Түркістан облысынан форумға 30 делегат қатысып, салалық сессияларда, тақырыптық секцияларда белсенді танытып қоғамның даму жолындағы ұсыныстарға өз ой-пікірлерін қосып отырды.

Қоғамдық кеңес төрағасы, облыстық мәслихат депутаты Мелдеханов ауыл шаруашылығына бөлініп жатқан субсидияның тиімділігін арттыру, халықтың күнделікті тұтынып отырған газдың бағасының тұрақтанбауы жайлы ойлары, Түркістан облысының азаматтық

альянсының төрағасы, облыстық мәслихат депутаты Шәріпбек Жамалбектің ауылды жерлердегі халықтың тұрмыстық деңгейін жақсарту мақсатында үкіметтік емес ұйымдардың жұмыстарына, әлеуметтік жобаларына, бастамаларына қолдау көрсету мәселері жайлы ұсыныстары ашық алаңда айтылып, көпшіліктің ойынан шықты.

Түркістан қаласынан «Шаңырақ» мүгедектердің қайырымдылық қорының басшысы Еркінбай Шалтан мен «Асар мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігінің Созақ аудандық филиалының басшысы Біржан Саржановтың қоғамдық бірлестіктердің бүгінгі таңдағы мүмкіндігі шектеулі, жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға көмек көрсету, құқықтарын қорғау, қоғамның әлеуметтік және белсенді өміріне қатыстыру жайлы тәжірибелерімен бөлісіп пікір алмасты.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінен мен және Мәдениет және тәрбие орталығының маманы Арман Исмаилов екеуіміз делегаттар қатарында болдық. Әзірленіп жатқан мұғалімдердің мәртебесі, «Рухани жаңғыру» бағдарламасындағы адам капиталы, құқықтық сана, жалпы азаматтардың құқықтық сауаттылығын көтеру, жастардың санасына сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздерін қалыптастыру, құқық бұзушылықтың барлық түріне тәзімсіздік таныту тәрбиесін ендіру жайлы ойларын ортаға салды.

Жалпы Астанада өткен екі күндік форум елдің азаматтық қоғамын біріктіріп қана қоймай, сонымен қатар, қатысушыларға бірлесіп іске асыруға тиіс ұсынымдарды талдауға да, түзуге де мүмкіндік берді.

Балғабай НАҚЫПОВ,
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің
қоғамдық ардагерлер ұйымының
төрағасы, профессор

ЕГЕМЕН ЕЛДІҢ ТІРЕГІ — ЖАЛЫНДЫ ЖАСТАР

Елбасымыз Н.Назарбаев 2018 жылы 5-қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын жақсарту» атты Қазақстан халқына жолдауында 2019 жылды Жастар жылы деп жариялауды ұсынды. Елбасымыздың жолдауында еліміздің ертеңі – жастар мәселесіне терең мән берілген. Бұл тарихи құжат жанамын деген жүрекке от беретін шамшырақ іспетті болды.



Ата-бабаларымыз қашан да жастарға үлкен үміт артып, жас ескінді бетінен қақпай өсірген. Оларға еліміздің ертеңгі тұлғасы ретінде қарап бағыт-бағдар беріп, жол сілтеп отырған. Елдің тірегі білімді ұрпақ деп есептейтін халқымыз жастар мәселесін назардан тыс қалдырған емес. Мемлекет басшысы Н.Назарбаев «Жастардың барлық санатын қолдауға арналған шараларды толық қамтитын әлеуметтік сатының ауқымды платформасын қалыптастыру керек. Келесі жылды «Жастар жылы» деп жариялауды ұсынамын» - деді. Жолдауда жоғары оқу орындарына мамандық алып шыққан жастардың өз мамандығы бойынша жұмысқа тұрып, елімізге қызмет етуі мәселесі қоғамның даму тенденциясын анықтайтын фактор екендігіне зор мағына берілген.

Қоғамды алға жетелеуге, ілгерілетуге жастардың жетекші күші қажет. Елімізде «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасына жастарды жұмыспен қамтуға бағытталған іс-шаралар атқарылуда. Жастарды жұмыспен қамтуға бағытталған мемлекеттік жастар

арасындағы жұмыссыздық деңгейін азайту үшін барлық шараларды қолға алды. «Дипломмен ауылға!» атты жас мамандарды әлеуметтік қолдау бағдарламаларын да айта кетсек болады. «Дипломмен ауылға» бағдарламасы жастарды ынталандыру мақсатында мемлекет тарапынан көтерме ақы мен баспана алуға жеңілдетілген несие ұсынады. Денсаулық сақтау, білім беру салаларындағы маман ауылға жұмысқа орналасқан жағдайда «Дипломмен ауылға» жобасы аясында жас мамандарға мемлекет тарапынан көмектер жасалады.

«Сен жанбасаң лапылдап, мен жанбасам лапылдап, аспан қалай ашылмақ» деп ақын жырлағандай елдің ертеңі саналатын студент-жастар біздің университетімізде де білім алып жүр. Оқу ордамыз 54 мамандық бойынша мамандар дайындайды. Білімгерлердің игілігі үшін құрылған клубтар, үйірмелер студенттік құрылыс жасақтары, студенттер Альянсы белсенді жұмыс жасауда.

Жанар ҰЛАСБЕКҚЫЗЫ

ЕЛ БІРЛІГІ - ЕЛІМІЗДІҢ БОЙТҰМАРЫ

Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы - ел болашағының жарқын болуы үшін өткен тарих пен рухани құндылықтарды жаңғырту жолында қызмет ететін айрықша бастама.

Жуырда осындай нұрлы бастаманы қолдау әрі насихаттау мақсатында университетіміздің Ғылыми кітапхана ұжымы мен «Орда» тарихи-танымдық клубының ұйымдастыруымен «Еліміздің бойтұмары-ел бірлігі» кітап көрмесі мен «Рухани мұралар» атты пікір алмасу кеші өткізілді. Көрмеде елдің тарихы мен болашағынан терең ой толғайтын белгілі тұлғалардың құнды кітаптары көрсетілді. Пікір талас кешінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асырудағы Елбасы мен жастардың алатын рөлі талқыланды. Іс-

шараға жиналған белсенді жастар «Рухани жаңғыру» бағдарламасының өзіндік-ой пікірлерін ортаға салып, өз ұсыныстарымен бөлісті. Жалынды жастардың қарқынына ризашылық танытқан «Рухани жаңғыру» бағдарламасының басшысы Әміреқұл Әбуов жиын барысында сөз сөйлеп, жастардың сауалдарына жауап беріп отырды. Ел болашағы-жалынды жастар! Елбасының ел игілігі мен болашағы үшін көтерген әрбір бастамасын іске асыруда жастардың алатын орны ерекше. Жастардың бойындағы елге деген махаббат пен патриотизмді арттыру жолында еңбек ету - университет пен «Орда» тарихи-танымдық клубы секілді студенттік клубтардың басты мақсаты болып табылады.

«Орда» тарихи-танымдық клубы

МӘҢГІЛІК ЕСІМІЗДЕ САҚТАЛАДЫ

Таяуда «Орда» тарихи-танымдық клубының ұйымдастыруымен халқымыздың аяулы перзенті Нәзір Төрқұловты еске алуға арналған «Сен біздің мәңгілік жадымыздың» атты ақындар мүшәйрасы өтті.

Қаламынан жалын атқан жас ақындар тұлғаның рухына тағзым ете отырып, ел үшін жасаған ерен еңбектері мен ерліктерін тілге тиек етті. Көрнекті қайраткердің қайсарлығы мен ер жүректілігін, халық игілігі мен ұлттың қастерлі тілі үшін орыс үкіметіне қасқа қарсы тұрған батылдығын жас ақындар жалынды сезіммен тебірене жырлады. Сайыс соңында өзгелерден оза шауып, даралана білген ақындар бағалы сыйлықтармен марапатталып, жиналған халықтың ықыласына бөленді.

Патша үкіметінің қаһарлы саясаты тұсында елдің қамын құйттеп, халық жанашырына айналған тұлғалар өте көп. Ел үшін егеске түсем деп жазықсыз қуғын-сүргінге ұшыраған зиялылар қаншама?! Алаштың айбынды арыстарын Қазақ елі ешқашан жадынан шығарған емес.

Ер есімі-ел есінде. Терең тарихты жаңғырту жолында өзіндік үлес қосуды көздейтін "Орда" тарихи-танымдық клубы аталған іс-шарамен тоқталып қалмақ емес. Ордалықтар ел перзенттерінің есімдерін ерқашан құрметтеп, олардың тарихтағы ерлігін жастарға насихаттау жолында елі талай еңбек етуді мақсат тұтуда.

Ерасыл ОРАЗБЕКОВ,
3-курс студенті

ГАЗЕТТИҢ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАСЫ

YESEVI

Üniversitesi

ГАЗЕТТИҢ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАСЫ

Astana, Cumhurbaşkanı ve Bağımsızlık sempozyumu

16 Aralık Kazakistan'ın bağımsızlığı ve Astana'nın başkent oluşunun 20. yılı münasebetiyle "Astana, Cumhurbaşkanı ve Bağımsızlık" konulu sempozyum düzenlendi. Ahmet Yesevi Üniversitesi ile Şokan Valihanov Tarih ve Etnoloji Enstitüsü işbirliğinde ve Kazakistan Milli Eğitim Bakanlığı'nın destekleriyle yapılan etkinlik, 10 Aralık 2018 Pazartesi günü Kültür Merkezi'nde gerçekleştirildi. Sempozyuma, Türkiye, Kazakistan ve Özbekistan'dan diplomat, üst düzey yönetici ve bilim insanları katıldı. Sempozyumun açılış töreni öncesinde düzenlenen sergide, Kazakistan Şokan Valihanov Tarih ve Etnoloji Enstitüsü tarafından hazırlanan "Astana Tarihi" adlı kitabın tanıtımı yapıldı.

Rektör Prof. Dr. Bolatbek Abdrasilov açılış konuşmasında sempozyumun önemine dikkat çekerek, "Devlet Başkanımız Sayın Nursultan Nazarbaev'in geçtiğimiz günlerde yayımladığı Ruhani Janjuru (Manevi Diriliş-Ulusal Kalkınma) makalesinin devamı niteliğinde olan "Ulu Bozkırın Yedi Özelliği" adlı makalesini ayrıntılı bir şekilde ele alıp hedef kitleye doğru bir biçimde tanıtmak için böyle bir faaliyet gerçekleştiriyoruz. Hepinizin bildiği üzere bu yıl Astana'nın başkent oluşunun 20. yılını kutluyoruz. Bu 20 yıllık süreçte Devlet Başkanımızın vizyonu ile başkentimiz 21. yüzyılın en modern şehirlerinden biri olmuş, siyasi ve ekonomik açıdan önemli bir statü kazanmış ve çeşitli zirvelerin merkezi haline gelmiştir" dedi.

Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar ise yapmış olduğu konuşmasında Türk Cumhuriyetlerinin bağımsızlığını kazanmalarının önemini belirterek, "Türkiye Cumhuriyeti olarak kardeş Türk

cumhuriyetlerinin bağımsızlıklarını yıllarca bekledik ve nihayetinde 1991 yılında bağımsızlıklarını ilan ettiklerinde büyük bir coşkuyla kutladık. Kazakistan bağımsızlığını ilk tanıyan ülkenin bir ferdi olmaktan da kıvanç duyuyoruz" dedi. Rektör Vekili Tomar ayrıca Osmanlı Devletinin başkenti İstanbul'a beş yüz yıl boyunca âsitâne dediklerini hatırlatarak, kardeş ülke Kazakistan'ın başkentine de Astana isminin verilmesinin güzel bir tevafuk olduğunu ifade etti.

Rektör Vekili Tomar konuşmasının bir bölümünde, Türkistan'ın Türk Dünyası açısından önemine vurgu yaparak, Kazakistan Devlet Başkanı Sayın Nursultan Nazarbaev'in vizyonu ile Türk medeniyetlerine beşiklik etmiş kadim Türkistan şehri yeniden Türk Dünyasının manevi merkezi haline getirildiğini belirtti. Rektör Vekili Tomar Nursultan Nazarbaev'in Türkiye Cumhuriyeti Kurucusu Mustafa Kemal Atatürk gibi vizyoner bir lider olduğuna dikkat çekerek, özellikle yayınlamış olduğu son makalesinde bilime ve kültüre verdiği önemin, M. Kemal Atatürk'ün muasır medeniyetler seviyesinin üstüne çıkma hedefleriyle benzerliğinin altını çizdi. Rektör Vekili Tomar Kazakistan'ın Latin alfabesine geçmesinin Türk dünyasının birliği açısından çok önemli olduğunu açıkladı.

Rektör Vekili Tomar, konuşmasının son bölümünde, Türkistan'ın tarihi ve manevi bir yapısının olduğunu belirterek, Türkistan tarihi hakkında bir kitap da çıkarılması gerektiğini belirtti.

"Astana, Cumhurbaşkanı ve Bağımsızlık" sempozyumu açılış konuşmalarının ardından sempozyum genel oturumu ile devam etti. Üç oturumda ve 70'e yakın bilim adamının katılarak bildiri sunduğu sempozyum, genel değerlendirme ve sonuç oturumu ile sona erdi.

Doğumunun 90. Yılında Cengiz Aytmatov ve Kaltay Muhammedjanov Forumu



Çağdaş Kırgız edebiyatında önemli bir yeri olan ve eserleri 170'den fazla dile çevrilen Cengiz Aytmatov ile ünlü Kazak Yazar Kaltay Muhammedjanov'un doğumunun 90. Yılı münasebeti ile Ahmet Yesevi Üniversitesi'nde forum düzenlendi. Türk Dünyası Gençlik Öğrenci Kulübü tarafından "Türk Dünyasının Ünlü Yazarları" adı altında gerçekleştirilen etkinliğe, Türkiye, Kazakistan, Kırgızistan, Özbekistan ve Başkurdistan'dan geniş katılım sağlandı. Kordinatörünü Türk Filolojisi Bölüm Başkanı Dr. Asil Şengün'ün yaptığı ve An Öğrenci Kulübünün de desteklediği etkinliğin açılışı, 7 Aralık 2018 Cuma günü Türkistan Yerleşkesi Kültür Merkezi Tiyatro ve Sinema Salonunda yapıldı.

Cengiz Aytmatov'un eserlerinden bir bölümünün sahnelenmesi ile başlayan etkinlikte; Rektör Prof. Dr. Bolatbek Abdrasilov, Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar ile Kırgızistan Bilimler Akademisi Cengiz Aytmatov Dil ve Edebiyat Enstitüsü Folklor Bölümü Başkanı Meyrim Kölbayeva katılarak açılış konuşması yaptılar.

Rektör Abdrasilov konuşmasında, Kırgız ve Kazak aydınlarının bağımsızlığa giden Türk edebiyatı içerisinde önemli yeri olduğunu, eserleri 170 dile çevrilen Cengiz Aytmatov ile ünlü kazak şair ve yazar Kaltay Muhammedjanov'u doğumunun doksanıncı yılları münasebeti ile anmaktan memnuniyet duyduğunu, bu gibi faaliyetlerin milli şuurun kazanılmasında çok etkili olduğunu vurguladı.

Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar ise konuşmasında Türk Dünyasının kendi aydınlarını ve yazarlarını tanıması ve tanıtması açısından zayıf olduğuna dikkat çekerek, Aytmatov'un 1960 ve 1970'li yıllarda dönemin çetin şartlarına rağmen önemli eserler verdiğini ve bu eserlerinin neredeyse tüm dünya dillerine çevrildiğine vurgu yaptı. Türk dünyasının yaygın olarak tanınan ünlü edebiyatçısı olduğunu belirten Rektör Vekili Tomar, bozkır hayatını eserlerinde inceliklerle işlediğini, Türk kültür ve değerlerini dünyaya en iyi şekilde tanıttığını ve onun eserlerinden Orta Asya kültürünü öğrendiklerini dile getirdi. Aytmatov'un hemen hemen tüm eserlerinin kısa zamanda Türkçeye aktarılmasıyla birlikte Türk sinemasına da esin kaynağı olduğuna değinen Rektör Vekili Tomar, özellikle Selvi Boylum Al Yazmalım adlı filmi Türk sinemasında büyük yankı yarattığını ifade etti.

Rektör Vekili Tomar, milli kimlikten kopuşu irdeleyen 'mankurt' sözcüğünü Türkçeye kazandırması ve ulusal kimliğe vurgu yapması nedeniyle Aytmatov'un Türk dünyasının en etkili edebiyatçısı olduğunu söyledi.

Meyrim Kölbayeva ise Türk Dünyasının manevi başkenti Türkistan da böyle bir etkinliğin düzenlenmesinden onur duyduğunu belirterek, programın düzenlenmesinde emeği geçenlere ve uzaktan yakından katılım sağlayanlara teşekkürlerini ilettili. Kölbayeva konuşmasının bir bölümünde Cengiz Aytmatov'un hayatı ve eserleri hakkında bir sunum yaptı.

Açılış konuşmalarının ardından çok renkli gösterilere sahne olan konser programında, Kırgız ve Kazak kültürünü yansıtan halkoyunları ve konser gösterileri katılımcılar tarafından ilgi ile izlendi.

7-8 Aralık 2018 tarihlerinde düzenlenen 'Doğumunun 90. Yılında Cengiz Aytmatov ve Kaltay Muhammedjanov Forumu' 8 Aralık Cumartesi günü Hoca Ahmet Yesevi ve Arslanbaba Türbesi ile Tataristan'ın tarihi mekanları ziyareti ile sona erecek.

Kamu Yönetimi ve Ekonomi Enstitüsü Danışma Konseyi toplantısı

Kamu İdaresi ve Ekonomi Yüksek Okulu, Türkistan Bölgesinde kamu idaresi organları ile etkin etkileşim kurulmasına ilişkin Danışma Konseyi toplantısı düzenledi. "Kamu Hizmeti İçin Personel Hazırlama Enstitüsü: Astana Konseyi Katılımcı Ülkelerinin Kamu Hizmetindeki Deneyimi" ve Kamu Yönetimi ve Ekonomi Enstitüsü" konu başlığıyla yapılan etkinlik, Kültür Merkezi toplantı ve konferans salonunda gerçekleştirildi. Konseye Kazakistan Azerbaycan ve Tataristan'dan kamu, kurum ve kuruluşlarının temsilcileri katıldı.

Rektör Prof. Dr. Bolatbek Abdrasilov'un oturma başkanlığında gerçekleşen konseye, Astana Kamu Yönetimi Kalkınma Ajansı Başkanı Alihan Baymenov, Azerbaycan Milli Sınavları Merkezi Başkan Yardımcısı Bahram Halilov, Rektör Yardımcısı Dr. Öğretim Üyesi Pusat Pilten, Kazakistan Cumhuriyeti Kamu Hizmeti İşleri ve Yolsuzlukla Mücadele Ajansı Türkistan Eyaleti Müdürü Galım Tursunbayev, Stratejik İnsiyatifler Merkezinin Genel Müdürü Ernar Carkeşov ile Müdür Yardımcısı Olcas Hudaybergenov, Rus Adalet Üniversitesi Öğretim Üyesi Dinara Minnigulova (Kazan-Tataristan) ve kamu yönetimi ve kamu hizmetleri uzmanı Şingis Mukan katılarak, konseyin açılış konuşmasını yaparak, konu ile ilgili görüş ve önerilerini paylaştılar.

4-5 Aralık 2018 tarihleri arasında düzenlenen Danışma Konseyi kapsamında Kamu Yönetimi ve İktisat Enstitüsünün öğretim üyeleri, lisans, yüksek lisans ve doktora öğrencileri için Alihan Baymenov ve Olcas Hudaybergenov konferans verdi. Program, 5 Aralık 2018 Çarşamba günü Ernar Carkeşov'un "Singapur efsanesi gerçek mi? Singapur'un gelişmekte olan ülkelerden gelişen ülkeye dönüşümü" sunumu ile sona erecek.



27. Bilimsel ve Teorik Öğrenci Sempozyumu yapıldı

Ahmet Yesevi Üniversitesi tarafından geleneksel olarak düzenlenen Bilimsel ve Teorik Öğrenci Sempozyumu'nun bu yıl 27'si yapıldı. Öğrencileri hem bilimsel çalışmalara yönlendirme hem de kendilerini kürsülerde ifade edebilme yeteneği kazandırabilmeleri amacıyla Üniversitemizin kuruluşundan günümüze kadar düzenli bir şekilde gerçekleştiriliyor. Söz konusu sempozyuma her yıl olduğu gibi öğrencilerimiz tarafından bu yılda büyük katılım sağlanmıştır. Ayrıca Bilimsel ve Teorik Öğrenci Sempozyumu çerçevesinde öğrencilerin sunmuş oldukları bilimsel çalışmalar değerlendirilerek en iyi tebliğlere ödül veriliyor.

Bu yıl 29 Kasım – 12 Aralık 2018 tarihleri arasında düzenlenen 27. öğrenci sempozyumunda 28 oturumda, 1038 bildiri sunuldu. Yapılan değerlendirmeler sonucunda, her biri farklı branşlarda olmak üzere 29 öğrenci birincilik, 56 öğrenci ikincilik 84 öğrenci ise üçüncülük elde etti. Dereceye giren öğrencilere ödülleri 12 Aralık 2018 Çarşamba günü Türkistan Yerleşkesi Kültür Merkezi tiyatro ve sinema salonunda düzenlenen törenle verildi. Dereceye giren 26 öğrencinin başarı belgesini Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar ve Rektör Yardımcısı Prof. Dr. Kamalbek Berkinbayev takdim etti.

Törende konuşma yapan Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar, öğrenci sempozyumlarının önemine dikkat çekerek, "Değerli öğrencilerimiz öncelikle bu sempozyuma katılımlarınızdan ötürü sizleri tebrik ediyorum. Dünya çapında kıyaslama yapacak olursak Ahmet Yesevi Üniversitesi olarak bu tür sempozyumları aktif ve profesyonel bir şekilde yürütmektedir. Tabi ki bu konferansların bir çok faydası var. Gelecekte bilim dünyasında çalışacak veya akademisyen, öğretim görevlisi olacak sizlerin bu anlamda hazırlanması, deneyim ve tecrübe kazanması açısından sizlere büyük katkısı olacaktır. Ayrıca burada dereceye giren öğrencilerimiz Kazakistan ve dünya çapında gerçekleştirilecek olan faaliyetlere de katılarak üniversitemizi Hoca Ahmet Yesevi'nin adına yakışır bir şekilde temsil edeceğine inanıyoruz" dedi.

Bu tür etkinliklerin Türkiye'de de sıklıkla yapıldığına işaret eden Rektör Vekili Tomar, öğrencilere Türkiye'de düzenlenen sempozyumlara katılım sağlamalarını tavsiye ederek, konuşmasını, öğrenci sempozyumunun üniversitemize, Kazakistan'a ve tüm Türk dünyasına hayırlar getirmesi temennileriyle tamamladı.

Bilimsel ve Teorik Öğrenci Sempozyumu, dereceye giren öğrencilere sertifika takdiminin ardından toplu hatıra fotoğraf çekimi ile son buldu.

ГАЗЕТТИҢ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАСЫ

Mangala Turnuvası yapıldı

Türk Üniversiteler Birliği (TÜRKÜNİB) dönem başkanlığı kapsamında Ahmet Yesevi Üniversitesi'nde Mangala (Dokuz Kumalak) turnuvası yapıldı. Turnuvası 4-8 Aralık 2018 tarihleri arasında Türkistan Yerleşkesi 3. Kampüs Bekzat Sattarhan spor salonunda gerçekleştirildi. Dokuz Kumalak; Türkiye'nin değişik yörelerinde Mankala, Mangala, Kale, Altiev, Meneli Taş, Evcik, Mellegayası ve benzeri farklı adlarla bilinen, çok eski bir Türk zekâ oyunudur.

Turnuvanın açılışını yapan Rektör Prof. Dr. Bolatbek Abdrasilov, Ahmet Yesevi Üniversitesi bilimsel alanda olduğu gibi kültür, sanat ve spor alanlarında da aktif rol alan bir üniversite olduğunu vurguladı.

Üniversitemiz bünyesinde düzenlenen Mangala turnuvasına, Kazakistan'ın 14 eyaleti takımlarının yanı sıra Türkiye, Rusya, Kırgızistan ve Özbekistan'dan da sporcular katıldı. 22 takım ve toplamda 160 sporcunun yarıştığı turnuva, 8 Aralık 2018 Cumartesi günü final maçı ile tamamlandı. Dereceye giren takımların ödülleri final maçının ardından yapılan kapanış töreni ile verildi. Mangala Turnuvasının bu yılki şampiyonu Kazakistan Aktöbe Eyaleti takımı oldu. Kızılorda Eyaleti takımı ikinci sıranın sahibi olurken, Pavlodar Eyaletinin takımı ise üçüncü geldi. Takımlara ödülleri Rektör Yardımcıları Prof. Dr. Kamalbek Berkinbaev, Prof. Dr. Ömirbek Umbetov ve Dr. Emreku Abuov takdim etti. Turnuva ödül töreni ile son buldu.



Turizm Rehberliği Semineri

Ahmet Yesevi Üniversitesi Sosyal Bilimler Fakültesi Turizm ve Gazetecilik Bölümü ile Türkistan Eyalet Valiliği işbirliğiyle "Turizm Rehberliği" seminerleri düzenlendi. TUREB (Turist Rehberleri Birliği) tarafından da desteklenen etkinlik, Antalya Turist Rehberleri Odası Yönetim Kurulu Üyesi Mustafa Yalçın Yalçinkaya tarafından gerçekleştirildi. 4 Aralık 2018 Salı günü üniversite kütüphanesinde yapılan programa, Turizm ve Gazetecilik Bölüm Başkanı Dr. Öğretim Üyesi Fatih Türkmen ile Turizm Bölümü hoca ve öğrencileri katıldı.

İki oturumda gerçekleşen seminerde Yalçinkaya, turizm rehberliği mesleği hakkında geniş bilgiler vererek, turist rehberlerinin niteliklerini, iş alanlarını ve bu alanda çalışacak kişilerin özelliklerini anlattı. Yalçinkaya, Turizm rehberlerinin, akıcı bir dille konuşabilme yeteneğine, güçlü bir belleğe ve ikna gücüne sahip olması gerektiğine vurgu yaptı.

Turizm Rehberliği semineri sonunda katılımcılara TUREB onaylı Master-Class sertifikası verildi.

27. Fakülteler Arası Spor Turnuvası ödülleri sahiplerini buldu



Ahmet Yesevi Üniversitesi tarafından geleneksel olarak düzenlenen fakülteler arası spor turnuvasının 27'si yapıldı. Bu yıl Türk Üniversiteler Birliği (TÜRKÜNİB) dönem başkanlığı çerçevesinde gerçekleştirilen etkinlik, spor müsabakalarının tamamlanmasının ardından kapanış ve ödül töreni ile sona erdi. 13 Aralık 2018 Perşembe günü Sanat Fakültesi Bekzat Sattarhanov Spor Salonunda düzenlenen kapanış programında dereceye giren takımların ödülleri Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar ve Rektör Yardımcısı Dr. Emreku Abuov takdim etti.

Spor turnuvaları, öğrencilerin spora ilgisini artırma, sosyal faaliyetlere katılımını sağlama ve uluslararası düzeyde yapılan olimpiyatlara sporcu yetiştirme amacıyla düzenleniyor. Üniversitemizin dokuz fakültesi ile İktisadi İdari Bilimler Yüksekokulu ve Yesevi Koleji'nin oluşturduğu takımlar; futbol, voleybol, basketbol, yüzme, halat çekme, bilek güreşi, judo, koşu parkuru, masa tenisi, mangala (dokuz kumalak), dama ve satranç dallarında yarıştılar. Yapılan müsabakalar sonucunda 27. fakülteler arası spor turnuvasının şampiyonu Sanat Fakültesi oldu. Turnuvada Mühendislik Fakültesi ikinci olurken, Tıp Fakültesi ise üçüncü geldi.

Ödül töreninde konuşan, Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar, üniversitelerde derslerin dışında en önemli faaliyetlerden biri de spor faaliyetleri olduğuna vurgu yaparak, "değerli öğrencilerimiz, bu gibi sosyal faaliyetlere katılım gösteren öğrenciler derslerinde daha başarılı olduğu gibi kötü alışkanlıklardan da uzak duruyor. Burada önemli olan derece almak değildir, önemli olan bu tür faaliyetlere katılmak ve sporcu olmaktır. Spor turnuvalarına gösterdiğiniz ilgi ve katılımlarınızdan dolayı sizi tebrik ediyorum, başarılar diliyorum," diye konuştu.

Rektör Yardımcısı Dr. Emreku Abuov ise, spor turnuvalarına katılan öğrencileri tebrik ederek, turnuvada kaybedenin olmadığını, kazananın ise Ahmet Yesevi Üniversitesi olduğunu vurguladı. 27. Fakülteler arası spor turnuvası kapanış programı dereceye giren takımlara ödülleri takdim edilmesini de sona erdirdi.

Kurucu Cumhurbaşkanı Günü

2011 yılının Aralık ayında Kazakistan Parlamentosu Senato genel kurul toplantısında resmi tatil günleri ile ilgili alınan karar ile Kazakistan Cumhurbaşkanı Nursultan Nazarbayev'in 1 Aralık doğum günü vesilesiyle bu gün "Kurucu Cumhurbaşkanı Günü" günü kabul edildi. Söz konusu Kurucu Cumhurbaşkanı Günü, Kazakistan'da 2012 yılından başlayarak çeşitli törenlerle ülke çapında kutlanmaktadır.

1 Aralık "Kurucu Cumhurbaşkanı Günü" münasebetiyle Ahmet Yesevi Üniversitesi'nde kutlama programı düzenlendi. 30 Kasım 2018 Cuma günü Kültür Merkezi Tiyatro ve Sinema salonunda gerçekleştirilen etkinliğe; rektör yardımcısı Prof. Dr. Kemalbek Berkinbaev, Prof. Dr. Umurbek Umbetov, Doç. Dr. Şolpan Esimova, Dr. Öğretim Üyesi Pusat Pilten, Dr. Emreku Abuov'un yanı sıra fakülte dekanları, bölüm başkanları ile çok sayıda akademisyen ve öğrenci katıldı. Törende açılış konuşması yapan Rektör Yardımcısı Dr. Öğretim Üyesi Pusat Pilten, "Yaklaşık bir ay kadar önce, yine bu salonda aynı coşkuyla Türkiye Cumhuriyeti'nin kuruluş yıl dönümünü, Cumhuriyet Bayramı'nı, hep birlikte kutladık. Bugün ise Kazakistan Cumhuriyeti'nin Kurucu Cumhurbaşkanı Günü münasebetiyle bir araya gelmiş bulunuyoruz. Biz artık birbirimizin mutlu günlerini kutlayan, acılarını paylaşan bir bütün haline geldik. Bu noktada üniversitemizin üzerine yüklenmiş olan misyonunu yerine getirdiğini büyük bir mutlulukla değerlendiriyorum," dedi.

Piltten konuşmasının bir bölümünde ise günün anlam ve önemine vurgu yaparak Sayın Nazarbayev'in, bağımsızlık sonrası zor dönemlerde elini taşın altına koyduğunu, vatan ve millet sevgisini her türlü menfaatten üstün tutarak, ateşten bir gömleği giymeye talip olduğunu, tam 27 senedir cumhurbaşkanlığı görevini başarı ile sürdürdüğünü ifade etti. Piltten ayrıca, sayın Nazarbayev'in ileri görüşlü bir politikacı ve müthiş bir stratejist olarak Kazakistan'ı, bölgenin lider devleti pozisyonuna getirdiğini, bu anlamda adını 21. yüzyıl tarihine yazdıran vizyoner bir lider olduğunu belirtti. Piltten, Sayın Nazarbayev'in son makalesi ile de sadece Kazakistan'ın değil, tüm Türk dünyasının bilge lideri, aksakalı olduğunu bir kez daha gösterdiğini, ortaya koymuş fikirlerin, tüm Türk dünyasını ortak bir kader çizgisinde birleştirecek nitelikte olduğunu sözlerine ekledi.

Rektör Yardımcısı Prof. Dr. Umurbek Umbetov ise konuşmasında Kazakistan'ın bağımsızlığında Nursultan Nazarbayev'in üstün katkıları olduğunu, Kazak halkının büyük sevgisi ve saygısını kazanan kurucu liderlerinin doğum gününü her yıl coşku ile kutladıklarını belirterek, Nazarbayev'in aynı zamanda Türk dünyasının çağdaş lideri olarak kabul edildiğini ve Türkiye Cumhuriyeti'nde çok sevildiğini söyledi. Prof. Dr. Umbetov, İki ülkenin ortak üniversitesinde böyle bir günde bir arada kutlama yapmaktan çok büyük memnuniyet duyduklarını vurguladı.

Açılış konuşmalarının ardından program, Nursultan Nazarbayev'in hayatını anlatan sinevizyon sunumu ile devam etti. Törende Dombra çalındı, şarkılar söylendi, Kazak kültürünü yansıtan halkoyunları gösterileri yapıldı.

Doç. Dr. Levent Kurgun Ahmet Yesevi Üniversitesinde

Ahmet Yesevi Üniversitesi Akademik Değişim Dairesinin koordinasyonu ile misafir öğretim üyesi projesi kapsamında, Pamukkale Üniversitesi Fen-Edebiyat Fakültesi Türk Dili ve Edebiyatı Bölümü öğretim üyesi Doç. Dr. Levent Kurgun Türkistan Yerleşkesinde ders, seminer, konferans ve bilimsel çalışmalara katılım gerçekleştirdi.

4 Kasım - 3 Aralık 2018 tarihleri arasında, Üniversitemizin Filoloji Fakültesi'nde akademik çalışmalarda bulunan Doç. Dr. Levent Kurgun, "Türkiye Türkçesi, Eski Anadolu Türkçesi, Osmanlı Türkçesi ve Yeni Türk Dili" konularında Türk Filolojisi Bölümü hoca ve öğrencilerine teorik dersler vererek; bilgi, birikim ve deneyimlerini paylaştı. Ayrıca Levent Kurgun Türkoloji Toplantıları kapsamında 29 Kasım 2018 Perşembe günü üniversite kütüphanesinin toplantı ve konferans salonunda "Özel Adlar" konulu bir konferans verdi.

Doç. Dr. Levent Kurgun konferansında, özel adların büyük oranda dilin genel işlevi sisteminde yer alan unsurlardan oluştuğunu belirterek, "Özel adların yapımında dil dışı öğelerden de yararlanır. Bu bakımdan, dilde kullanılan kelimelerle özel adlar arasında önemli farklılıklar vardır. Bu sebeple, yapılacak çalışmalarda özel adlar dildeki diğer unsurlar gibi değerlendirmek bazı sorunlara yol açabilir. Özel adlar bilhassa yapı ve anlam hususlarında diğerlerinden ayrılır" diyerek, bu durumları göstermeye ve özel ad çalışmalarında izlenmesi gereken yolları açıkladı.

Üniversitemizdeki akademik çalışmalarını tamamlayan Doç. Dr. Levent Kurgun Türkiye'ye dönüş yaptı.

«Doğu Dünyasında Modernleşme Sorunu, Osmanlı Tecrübesinin Analizi» semineri

Marmara Üniversitesi Fen-Edebiyat Fakültesi Tarih Bölümü Öğretim Üyesi Prof. Dr. Yüksel Çelik Ahmet Yesevi Üniversitesi'nde "Doğu Dünyasında Modernleşme Sorunu, Osmanlı Tecrübesinin Analizi" konulu seminer verdi. 13 Aralık 2018 Perşembe günü Sosyal Bilimler Fakültesi Uluslararası İlişkiler Bölümü uygulama dersliğinde gerçekleştirilen etkinliğe Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar, Sosyal Bilimler Fakültesi Dekanı Dr. Öğretim Üyesi Eftal Ş. Batmaz ve Uluslararası İlişkiler Bölümü Başkanı Doç. Dr. Aydarbek Amirbek'in yanı sıra çok sayıda akademisyen ve öğrenci katıldı.

Prof. Dr. Yüksel Çelik konuşmasında, modernleşme sorununun güç kavramına ve Doğu ile Batı arasındaki zihinsel farklılığına bağlı olarak karşılaşılabilecek bir şekilde sunarak doğu toplumlarının kültürlerine bağlı olduklarından dolayı yenilik hareketlerini benimsemekte sorun yaşadıklarını vurguladı. Ayrıca modernleşme sorunu kapsamında Osmanlı tecrübesi değişime ayak uydurma, sistemin işlenmesi ve keşif arzusu çerçevesinde ana hatlarıyla anlatılan Çelik, Osmanlı reform hareketleri olan Lale Devri, Islahat Fermanı ve Tanzimat ile birlikte büyük değişikliklerin yaşandığını ve özellikle Tanzimat Fermanı ile birlikte köklü reformlar yapıldığını açıkladı.

Katılımcıların sorularını yanıtlıyarak tamamladığı seminerde, Prof. Dr. Yüksel Çelik'e Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar tarafından teşekkür belgesi takdim edildi.

УНИВЕРСИТЕТ ТЫНЫСЫ

ЖЫР ЖАУҒАРЛАРЫ
ТӨГІЛГЕН КҮН

Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық факультетінің жас ақындары арасында «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында 1 Желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті және 16 Желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мерекелеріне арналған «Ел және Елбасы!» атты мұшайра өтті. Өткізіліп отырған мұшайраның негізгі мақсаты – мемлекеттік тілдің мәртебесін жоғарылату, сондай-ақ шығармашыл жастарға қолдау білдіру, поэзия арқылы қазақ тілінің байлығын оның көркемдігін паш ету.

Мерекеге арналған ақындар шеруінде факультетіміздің дарынды, халықтың көркемдік талғамын қалыптастырып, жалғастыра білетін сөз шеберлері бақтарын сынады. Ақындар тарихымызға шолу жасап, «Ел және Елбасы!» тақырыбына орай өз туындыларын арқау етті. Ақындар мұшайрасында жүйріктерге өділ төрелігін берген төрешілеріміздің қатарында ұстаз, ақын, әуесқой сазгер, Халықаралық ұстаздар одағының мүшесі, Халық қаһарманы Бауыржан Момышұлының «Батыр шапағаты» медалінің иегері Жұпарқұл Бекшораева, оқытушы, «Жыл Эдвайзері-2014», «Қалқатайдың дауысы-ай» байқауларының жеңімпазы Исатай Гүлмира және қазылар алқасының төрағасы Республикалық «Жас тұлпар», Халықаралық «Шабыт» фестивалі мен Төлеген Айбергенов атындағы сыйлықтарының иегері, ақын, оқу ордамыздың докторанты Серік Сейітман болды. Әділ қазылар алқасы өлең құрылымынан бөлек, туындыны жеткізе білуіне де баса назар аударды. ЖОО дейінгі дайындық факультеті деканатының қолдауымен өткен студенттер арасында насихат жұмыстарын жүргізу арқылы қазақ қоғамының рухани құндылықтарын нығайтуға арналған мұшайрада, жас буынның шындалуына үлкен жол ашты. Ақындар шеруінің шешуші кезеңінде төрешілер ақындық шеберлігімен тенті ете білген үш қатысушыға жүлделі орындар берді. I орын иегері – Темірғали Ақботаға 15000, II орын иегері – Қайрат Ләйлімге 10000, III орын иегері – Муталипова Алинаға 5000 теңге табысталды. Сондай-ақ Елбасымыздың халық қамы үшін жасаған игі істерімен өзіндік тілектерін поэзияға арқау еткен, барша қатысушыларға арнайы сыйлықтар берілді.

Талантты жастарымыздың тұғырын көтеретін осы сынды іс-шаралар жас ұрпақты патриоттық-тағылымдық тәрбиеге баулиды.

Ахмед БЕГДІЛЛА
ЖОО дейінгі дайындық факультетінің
тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары

ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ ЖАРЫСЫ ӨТТІ

Университетіміздің ұйымдастыруымен 4-8 желтоқсан аралығында тоғызқұмалақтан Қазақстан Республикасы Федерациясы кубогының жарысы өтті. Әлем және Қазақстан Республикасының тоғызқұмалақ федерациясының президенті, Өңірлік хаб басқарушы комитет төрағасы Әлихан Байменов пен университет президенті Болатбек Абдрасилов құттықтау сөз сөйлеп, қатысушыларға сәттіліктер тіледі.

Республикалық жарысқа ұлттық ойынға қабілеті бар еліміздің 14 облысы мен 10 алыс-жақын шетелден командалар бақ сынады. Халықаралық спорт шеберлері қайраткерлер төрелік етті. Дүбірлі додаға спорт шеберлері мен 160-тан астам үміткерлер қатысты.

Оқу ордамыздың қолдауымен ҚР Тоғызқұмалақ спорты Федерациясы кубогі үшін республикалық сайыста 6 жастағы ең жас ойыншы Инабат Маратқызына ректор Болатбек Абдрасиловтың атынан сыйлық ұсынылды. Жеңімпаздарға ақшалай сыйлық үлестірілді.

Салауатты өмір салтын насихаттау, ұлттық салт дәстүрді ұстану мақсатында, «Тоғызқұмалақ»

ойыны қолдау табуға. Жоғары деңгейде ұйымдастырылған ойын өз мәресіне жетті. Төрешілердің шешімімен орындар тағайындалып, жеңімпаздар анықталды. Командалық есепте жүлделі I орынды Ақтөбе облысы ойыншылары ұтып алса, II орынды Қызылорда облысы, ал III орынды Павлодар облысы иеленді. Қыздар арасында I орынды Ә. Дәліева (Түркістан) II орынды Д. Алдабергенова (Ақтөбе) иеленсе, III орынды Т.Егорова (Қостанай) ұтып алды. Жекелей есепте (классика) ерлер арасында 1-орын Кабиев Нұрбек (Ақтөбе), 2-орын Б.Бостандықов (Қызылорда), 3-орын Е.Әуелбайға (Астана) бұйырды.



ЕРАСЫЛ - ЧЕМПИОН!



Жуырда Ақтөбеде халықаралық спорт шебері Бауыржан Ақшолоқовты еске алуға арналған бокстан халықаралық турнир өтті. Турнирге оқу ордамыздың студенті Ерасыл Зияда 91 келі салмақта 1-орынды иемденді. Ерасыл осыған дейін көптеген жарыстарда топ жарып жүр. Жезқазған қаласында өткен сайыста 1-орын, Б.Саттарханов атындағы Халықаралық турнирде бас жүлде иегері атанған.

Осымен 20-рет жалауы желбіреген додаға көрші Өзбекстан мен Ресей және еліміздің барлық аймағынан 80-нен астам спортшы қатысты. 10 салмақ дәрежесі бойынша кіл мықтыны анықтаған бәсекеде Ерасыл Зияданың бағы жанды.

Жекпе-жек сарайында өткен салтанатты шараның ашылуына облыс әкімінің орынбасары Е.Нұрғалиев және Бауыржанның анасы Маржан апа қатысты.

Жыл сайын өткізілетін турнирде биыл 14 команда, яғни Ресей және Өзбекстан елдерінен және республикамыздың барлық

қалаларынан 80-нен астам боксшылар бақ сынады.

I-ші орынды иеленген спортшыларға Қазақстан Республикасының «Спорт шебері» атағы беріліп және жеңімпаздар мен жүлдегерлер медальдармен, мақтау қағаздарымен марапатталды. Сонымен қатар, 60 келіде жүлделі орынды иеленген спортшы Б.Ақшолоқов атындағы спорт клубының арнайы бағалы сыйлықтарымен иемденді.

Жантілеу СӘДУАХАС,
4-курс студенті

КҮЙ ҚҰДІРЕТІ ДӘСТҮР ІЗІМЕН

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасының аясында, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні мерекесіне орай, Арыс қаласы «Мәдениет үйінің» қолдауымен «Дәстүр ізімен» атты жеке күй көшін өткізген болатынмын. Жалпы музыка атаулы нәрсе елдің сөзім байлығы мен ішкі жаратылыс қалпын білдіретін болса, солардың ішіндегі ең толғаулы, ең терең сырлысы, ол әрине - күй. Қазақ даласының кең жайлау жеріндегі кең тынысты жағымды музыка, жауға шауып атой салғандай буырқанған шабыт, табиғат ананың сілтідей тыныштығындай үнсіз бейнедегі дыбыс, тереңнен тыныс алғандай бірер сәттік үзіліс кейпі, міне аталған құбылыстардың барлығын дерлік күй құрылымынан кездестіруге болады. Дәстүрлі өнеріміздің күй саласының өркендеуіне аз да болса өз үлесімізді қосып келеміз.

Концерт жалпы 3 бөлімнен құралды. Алғашқы 1-бөлімде сезімге толы, лирикаға тұнық «шертпе» күйлер легі тартылды. Кешіміздің шымылдығын Сүгірдің «Қаратау шертпесі» күйі ашты. Одан соң Сүгірдің «Қосбасар», Төлеген Момбековтың «Қанағат», «Салтанат», Төттімбеттің «Сарыжайлау», Бейісбайдың «Шыңырау» күйлері шертті. Ал, 2-бөлім «төкпе» күйлерден құралды. Халық күйі «Ел айрылған», Құрмағазының «Ақбай», «Серпер», Махамбеттің «Жауға шапқан», М.Өскенбаевтың «Жеңіс» орындалды. Осылайша құлақ құрышын қандыратын күйлер тізбегі біріне-бірі ұласып жатты. Соңғы 3-бөлімде қазіргі заман композиторларының күйлері: А.Жайымовтың «Күй ана», Қ.Ахмедияровтың «Алтын орда», «Нұрғиса» сынды күйлер тартылды.

Концерт ҚР-ның Тұңғыш Президенті күні мерекесіне орай ұйымдастырылғандықтан, Елбасымызға арнайы шығарылған ҚР-ның Халық әртісі, күйші Қ.Ахмедияровтың «Елбасы» шығармасын көрерменге тарту еттік. Бұл күй кештің қорытындысы болды. Шығарманы өнер сүйер қауым, зор ықыласпен қабылдады. Көрерменнің көңілінен шыққан болса керек, халық қол соғып демеп, гүл шоқтарын ұсынып, шапалақтауды да ұмыт қалдырмады.

Концертте өнердегі бірге жүрген достарым да



төбе көрсетті. Алматы қаласынан келген, Т.Жүргенов атындағы Өнер Академиясының 2-курс студенттері, 2015 жылы Бішкек қаласында өткен Халықаралық жас орындаушылар байқауының жеңімпаздары, Ресей жерінің Казань қаласында өткен Халықаралық конкурстың «Классикалық гитара» номинациясы бойынша гран-при иегерлері Асан және Зәуре Нарбұтаевтарды ерекше атап өткім келеді. Жоғары техникалық шеберліктерін ортаға салып, гитара аспабынан тегілген сазды әуендерімен тыңдармандардың көңілін бір серпілтіп тастады. Онымен қоса, шәкіртім Нұрдәулет Қуандықов Құрманғазының «Төрмұрат» күйін орындап берді. Нұрдәулет қазіргі таңда бірнеше конкурстардың лауреаты. Биылғы жылдың өзінде «Дарабоз» II Республикалық өнер мен білім байқауынан және «Алаш үміті» II Халықаралық рухани жаңғыру фестивалінен жеңімпаз атанып үлгерді. Болашағынан мол үміт күттіретін домбырашы.

Ерасыл ҚАУЫМБАЕВ,
Республикалық конкурстардың лауреаты,
«Орындаушылық өнер» кафедрасының
оқытушысы.

Ясауи университеті

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

Газет 1995 жылдан шыға бастады

Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университеті

Редактор: Жанар БЕЙСЕНБАЕВА

Қоғаммен байланыс бөлімі:
Бекжигіт СЕРДӨЛІ
aksari@mail.ruТілшілер:
Эльмира АРТЫҚБАЕВА
elmira_artykbaeva@mail.ruСүлеймен ДОҒАН
dgn_s8@hotmail.comДизайнер:
Мұрат ШАХАНБАЕВ

Фото маманы: Мұхамедәлі ШЕРІ

Редакция оқырман
хаттарына жауап
бермейді және кері
қайтарылмайды.
Редакцияға
жолданған хаттар
1,5 машинкалық
беттен аспауы
тиіс. Автордың
пікірі, мақалалары,
ашық хаттары
мен үндеулері
редакцияның
көзқарасын
білдірмейді. Кейбір
суреттер интернет-
тен алындыГазетті есепке қою туралы
№11180-Г куәлікті 2010
жылы 4 қазанда Қазақстан
Республикасының Байланыс
және ақпарат министрлігі
берген.Газет «M-PRESS» ЖШС баспа
үйінде басылды.Мекен-жайы: ҚР, Шымкент
қаласы, Байтұрсынов көшесі,
18-үй

Таралымы: 1000 дана

Тапсырыс нөмірі:

Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты
601-кабинет. Байланыс телефоны: 8 /72533/ 6-38-13, ішкі (1020) Эл.пошта: a.yassau@mail.ru